



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 16 мамыр

«ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында «Жұмысқа орналасу» бөлімі пайда болды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында 2017 жылғы 16 мамырдан бастап «Жұмысқа орналасу» деген жаңа бөлім іске қосылды.

Бұл бөлімде әрбір пайдаланушы тікелей кадр қызметінің қызметкерлерінен қойған сұрағына, атап айтқанда Ұлттық Банкке жұмысқа қабылдау рәсімдері және іріктеу кезеңдері бойынша сұрақтарға шұғыл түрде жауап алады. Сонымен бірге жоғары оқу орнының студенті немесе магистранты болып табылатын пайдаланушы Ұлттық Банкте практикадан өту мәселесі бойынша түсіндірме ала алады.

Ұлттық Банк қызметінің және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халықпен шұғыл өзара іс-қимыл жасауға арналған «ҚҰБ «Online» сервисі 2016 жылғы қарашада іске қосылғанын еске түсіреміз. «ҚҰБ «Online» Whatsapp, Viber немесе Telegram сияқты танымал серверлерге ұқсайтын заманауи мессенджер, оның көмегімен пайдаланушы Ұлттық Банкке сұрақтарымен, проблемаларымен, ұсыныстарымен тікелей өтініш жасай алады.

«ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасын App Store және Play Market дүкендерінен мемлекеттік және орыс тілдерінде жүктеп алуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz